

28 Наурыз
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҰЛАҒАТЫ КӨП ҰЛЫС КҮН!

ТАБИҒАТ-АНА БУСАНЫП, КҮЛЛІ ТІРШІЛІК ӨЛЕМІ ҚАЙТА ТҮЛЕЙТІН ҚАСИЕТТІ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ОЙЫЛ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТТІ. ОРТАЛЫҚ САЯБАҚҚА АҚШАҢ КИІЗ ҮЙЛЕР СӨН-САЛТАНАТЫМЕН ТІГІЛІП, МЕРЕКЕГЕ ЖИНАЛҒАН ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЕСІКТЕРІН АЙҚАРА АШТЫ.



Мерекені аудан өнерпаздары театрландырылған қойылымдармен қыздырып, жаңа жылдың басталғанын айшықтайтын, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін көріністер көрсетіп, шараны аудан өнерпаздары әсем әндерімен әрледі. Саябақтың ауласында аудандағы мекемелер қызметкерлері тұрғындарға Наурыз көже мен палау ұсынса, үлкендер арнайы тігілген ағаш үйлерде мекемелердің ұйымдастыруымен әзірленген ақ пен наурыз көжеден ауыз тиді. Шара барысында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы аудан жұртшылығын мерекемен құттықтап, аудан экономикасы-

ның дамуына қосқан зор үлесі үшін еңбек ардагері Нұрлан Ихсанов, ауданның білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін білім саласының ардагері Зауреш Молдашева, аудан тұрғындарын көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етіп, кәсіпкерлік саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін Сапура Мырзағалиева «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» медалімен наградталды. Аудандағы көктемгі су тасқыны кезінде қауіпті аймақтарға арнайы техникалармен жасақтар жіберіп, үлкен көмек көрсеткені үшін облыстық төтенше жағдайлар департаменті аудан әкімінің алғыс хатымен ма-



рапатталды.

Мерекеді арқа-жарқа болған жұртшылық киіз үйлерден дәм татып, ұлттық спорт түрлерін тамашалады. Білекті жігіттер күштерін сынға салатын қол күрес сайысында I орын Ө.Қосымов, II орын Р.Бекмұханов, III орынды Р.Саматұлы иеленді. Келесі кезекте автокөлік тарту сайысында белгіленген жерге уақыт бойынша көлікті шапшаң сүйреген жігіттер көпшіліктің қолдауына кенелді. Сайыстың нәтижесі бойынша Заманбек Сабыров жеңімпаз атанды.

Қазақ күресінің керемет айла-әдістерін көрсете білген Н.Аленов

I орынды жеңіп алса, II орын Д.Қабдурахит, Н.Санатов III орынға тұрақтады. Мөргендіктерімен көзге түсіп I орын Б.Үгізбаев, II орын Р.Әділханов, III орын Н.Дәулетқалиев иеленді. Серке көтеруден Ш. Шалабаевқа тең келер болмаса, II орынды Ғ. Ғазизов, III орынды Қ. Дүзмағанбетов місе тұтты. Ал ләңгі тебуден қарсыластарынан «қара үзіп кеткен» Р. Есенбекұлы I орынды жеңіп алса, II орынды Т. Дәулетов қанжығасына байлады. III орын С. Ысқақовқа бұйырды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.



КАРАТАЛДАҒЫ ҰЛЫ ТОЙ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ҚАРАТАЛДЫҚТАР ҮЛКЕН ДАЙЫНДЫҚПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ. ТОҢ БАЙЛАНЫП, ҚАРДЫҢ КҮРТ ЕРУІ ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫН БІРАЗ ӨБІГЕРГЕ САЛҒАНЫ РАС, СОНДАЙ-АҚ ТОЛАССЫЗ ТОЛЫҚҚАН ӨЗЕН СУЫ ЕКПЕТАЛ, ҚАРАТАЛ АУЫЛДАРЫНА ДА ҚАУІП ТУДЫРДЫ.



Күннің нұрлы шуағына малынған ағайын бір-біріне ақ тілектерін

ақтарып, құшақтаса көрісті. Қарияларымыз елдің тыныштығын

тілеп, ырыс, несібіміз арта берсін деген ақ тілектерін берсе, аудан өнерпаздары домбыра шанағынан күй төгіп, ән салды. Айтулы шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев қараталдықтарды Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, наурыздың елге, әрбір отбасыға ырыс-берекесімен келуіне тілектестігін білдіріп, су басу қатерін ауыздықтауда күн-түнімен санаспай қолғабыс қылған ауыл тұрғындарына ризашылығын білдірді. Қаратал ауылын көктемгі су тасқынынан қорғау жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін Батырбек Телжанов, Қуанышбек Сұлтанғалиев алғыс хат пен «АНВАР» ЖШС директоры, жерлесіміз Талғат Сал-

фиовтың демеушілігімен 300 мың теңгенің, сондай-ақ Мұрабек Оспановқа 50 мың теңгенің сертификатты табысталды. Сонымен қатар бірқатар ауыл азаматтарын су тасқынынан қорғау жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін өзінің алғыс хатымен марапаттады. Мерекеге жиналғандар аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әзірлеген қазақ халқының салт-дәстүрлерін баяндайтын театрландырылған көріністі тамашалады. Наурыз той әрі қарай ұлттық ойындармен жалғасты. Ауыл азаматтарының демеушілігімен өткен спорттық ойындар тартысты да, бөсекеге толы болды.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

2023 жылғы

20 наурыз

№ 3

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабындағы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабындағы 2-тармағының 2)- тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» қаулысына сәйкес, Ойыл ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының 2023 жылғы 17 наурыздағы № 3 хаттамасының негізінде

ШЕШТІМ:

- Ақтөбе облысы Ойыл ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
- Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды өткізуге төтенше жағдайды жою басшысы етіп өзімді тағайындаймын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 17 наурызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Ойыл ауданының әкімі

А.Қазыбаев

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

28 наурыз 2023 жыл

№ 1

Ойыл селосы

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті бірінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 1 тармағына сәйкес

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың бірінші сессиясы 2023 жылдың 30 наурызы күні сағат 11.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

- Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы туралы
- Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың төрағасын сайлау туралы
- Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру туралы
- Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамдарын сайлау туралы
- Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының төрағаларын сайлау туралы
- Басқа да аудандық мәслихаттың жұмысын ұйымдастыру мәселелері

Аудандық аумақтық

сайлау комиссиясының төрағасы:

Б.Бисекенов

«ӘДІЛЕТТІ КАЗАҚСТАННЫҢ» АЛҒЫШАРТЫ

Ел өміріндегі үлкен оқиғаның бірі – Мәжіліс және мәслихаттардың сайлауы. Бұрынғыдан өзгеше болған бұл сайлаудың маңызы зор.

2022 жылғы референдумнан кейін бірінші мажоритарлық сайлау жүйесіне негізделген сайлауды әділетті Қазақстан құруға бастайтын деп санайтын қазақ халқының қадір-қасиетіне бағалаған жөн. Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына өзін-өзі ұсынып, сайлауда бақ сынауға бел буған кандидаттар көбейді. Өзін-өзі ұсынған кандидаттардың көбейгенінен елдегі демократиялық үрдістің жандана бастағанын байқауға болады. Сол себептен, саяси дода дүбіріне қосылған әр кандидаттың бағдарламасымен жіті танысып шықтым. Бәрі де сайлауалды бағдарламасына көптің көкейін-

дегі түйткілді мәселелерді арқау етті.

Енді елдің сеніміне ие болған депутаттар әділетті қоғамды құруға атсалысады. Осы тұрғыдан айтқанда, бұл сайлауда жігерлі, білікті, білімді кандидаттардың ғана жұлдызы жанды. Сол себептен, жаңадан сайланған депутаттар адалдықты басты темірқазық ретінде ұстануы қажет. Сонда ғана жаңаруға бет бұрған Қазақстанның болашағы сәулемді, қадамы еркін болады. Ең бастысы кандидаттарға сенім білдірген елдің үміті ақталады. Аға буынның өкілі ретінде келер ұрпақ үшін тәуелсіздіктің ырысы мен жемісі мол болғанын қалаймын.

Сәрсенбай АМАНҒОСОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

АКЦИЯ

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАС ҮШІН...

Бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі - отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі. Осы орайда наурыз айының 27-31 күндері аралығында «Отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтат!» атты акция аудан көлемінде өткізіледі. Мақсаты - зорлық-зомбылықтың алдын алу, халық арасында құқықты түсіндіру, ақпараттандыру. Жалпы зорлық-зомбылық деңгейіміз - бір адамның екінші адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын

бұзатын тәні және психикалық ықпал жасауы. Егерде сіз турмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырасаңыз немесе қиын жағдайға тап болып, куәгері болсаңыз, Ойыл ауданы полиция бөлімінің байланыс нөмірі: 102, 871332-2-18-98, Ана үйі: 8747-311-40-45 Дағдарыс орталығы: 8-777-770-55-11 «Малика» дағдарыс орталығы: 8-701-169-21-00 және 150 сенім телефонына хабарласыңыз.

2023 жылы ойыл ауданының әкімі а. қазыбаевтың және ауылдық округтер әкімдерінің ойыл ауданының тұрғындарымен кездесулерін өткізу

КЕСТЕСІ

(әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

«Кездесулер өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Қазыбаев және ауылдық округ әкімдерінің тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесулері (кездесулер аяқталған соң азаматтарды жеке қабылдаумен) келесідей күндері өткізіледі:

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ә.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
Сәуір				
1	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты, Тайсойған көшесі, 6	26.04.2023 ж., сағ. 09.00
2	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты, Жеткіншек көшесі, 9	26.04.2023 ж., сағ. 11.00
3	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, клуб ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 15	26.04.2023 ж., сағ. 14.00
4	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шикұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 18	26.04.2023 ж., сағ. 16.00
5	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Сарбие ауылы, мектеп ғимараты, Жастар көшесі, 13	28.04.2023 ж., сағ. 09.00
6	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Қаракөл ауылы, клуб ғимараты, Абай көшесі, 10	28.04.2023 ж., сағ. 11.00
7	Қазыбаев А.Қ. Сұлтанов А.Ә.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты, Қызылқорған көшесі, 7	28.04.2023 ж., сағ. 14.00
8	Қазыбаев А.Қ. Сұлтанов А.Ә.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты, Еңбеккерлер көшесі, 2	28.04.2023 ж., сағ. 16.00

Әр кездесуден кейін азаматтарды жеке қабылдау жүргізіледі

Халықтың қартаюы: зейнетақымызды ала аламыз ба?

Егде жастағы адамдардың өмір сүру ұзақтығы мен саны артып келеді. Біз таңғажайып демографиялық трансформация кезінде өмір сүріп жатырмыз. Нақты деректерге сүйенсек, ғылымның дамуы мен заманауи медицина жетістіктерінің арқасында адамдар ұзақ өмір сүре бастады. Соңғы бір-неше онжылдықта өмір сүру ұзақтығы әлем бойынша айтарлықтай өсті және өсуін жалғастыруда.

Егер 2010 жылы Қазақстанда әйел адам орта есеппен 73,3 жыл, ал ер адам 63,5 жыл өмір сүрсе, 2021 жылы бұл мәндер тиісінше 74 және 66,3 жылды көрсетті. БҰҰ-ның 2050 жылға жасаған болжамына сәйкес, өмір сүру ұзақтығы әйелдер үшін 79,2 жыл және ерлер үшін 71,6 жыл болмақ. Салыстырсақ, БҰҰ мәліметтері бойынша, әлемде 2010 жылдан 2021 жылға дейін өмір сүру ұзақтығы әйелдерде 72,7-ден 73,8 жасқа дейін және ер азаматтарда 67,6-дан 68,4 жасқа дейін өсті. Бұл көрсеткіштер өмір сүру ұзақтығын дүниеге келген сәттен бастап өскердеді. Ал халықтың ересек бөлігін алсақ, статистика тіптен жағымды. БЖЗҚ зерттеуіне сәйкес, зейнет жасына жеткен ерлер мен әйелдер орта есеппен 80-82 жасқа дейін өмір сүреді. Өмір сүру ұзақтығының өсуі нәтижесінде егде жастағы адамдардың жалпы халық санынан алатын үлесі артып келеді. Еліміздің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 60 жастан асқан халықтың үлесі 2010 жылғы 10%-дан 2022 жылы 13%-ға дейін өскен. 2050 жылға қарай БЖЗҚ мен БҰҰ болжамы бойынша бұл көрсеткіш шамамен 17-18% жетіп, әрбір бесінші қазақстандықтың өмірі 60 жастан асады.

Туу көрсеткіші төмендеп барады Елдегі халықтың қартаю үрдісінің тағы бір салдары, өмір сүру ұзақтығының өсуінен басқа, туудың біртіндеп төмендеуі болып табылады. БҰҰ есептеулері Қазақстандағы туудың жиынтық коэффициенті 2021 жылғы 3,32-ден 2050 жылға қарай бір әйелге 2,13 балаға дейін төмендейтінін көрсетті. Бала туудың төмендеуі урбанизация, гендерлік теңдік және әйелдердің жұмыс күшіне қатысуын күшейту салдарынан болды.

Туу көрсеткіштерінің біртіндеп төмендеп, өмір сүру ұзақтығының өсуі 1 еңбекке қабілетті адамға түсетін демографиялық жүктемені арттырады.

"Әлеуетті қолдау коэффициенті" азаюда Өлемдік тәжірибе көрсеткендей, ұрпақтар ынтымақстығына негізделген теңдестірілген зейнетақы жүйесі тек 4-тен 1-ге дейінгі арақатынаста ғана жұмыс істей

алады (1 зейнеткерге 4 жұмыс істейтін адам келеді). Кері жағдайда, белең алып бара жатқан теңгерімсіздік бюджет тапшылығын азайту үшін салықты көтеруге немесе зейнет жасын көтеруге мәжбүр болған мемлекеттің шығындарды жабу қажеттілігіне әкеп соғады.

Қазақстанда 1 зейнеткер үшін жұмыс істейтін азаматтар саны пропорционалды түрде азайып барады. БЖЗҚ мен БҰҰ болжамдары бойынша, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың (25-64) зейнеткерлерге (65+) шаққандағы арақатынасы 2050 жылға қарай екі есе төмендейді: 65 және одан жоғары жастағы бір зейнеткерге еңбекке қабілетті жастағы 3,6 адамнан ғана келеді. Бұл еңбекке қабілетті халыққа салық "жүктемесін" арттырады. Осылайша, аға буын санының өсуі қоғамға олардың зейнетақымен қамсыздандырылуына байланысты үлкен міндет қояды. Осы міндетті дамудың демографиялық және экономикалық үрдістеріне неғұрлым тұрақты болып табылатын жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеше алады.

Халықтың қартаюы жағдайындағы Қазақстанның зейнетақы жүйесі Қолданыстағы зейнетақы жүйесінің құрылымын түсіну болашақ зейнеткерлерге зейнетке шығуға дайындалуға едәуір септігін тигізеді. Бұл жасын арада зейнетке шығатын адамдарға, әсіресе еңбек жолын енді бастағандарға да қатысты.

Қазақстанда көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді. Бірінші деңгей мемлекеттік бюджет есебінен төленетін төлемдерді (ортақ және базалық зейнетақы) қамтиды, екінші деңгей – ай сайынғы зейнетақы жарналары қамтитын міндетті жинақтаушы жүйе, үшінші деңгей – ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін төлемдерді қамтитын ерікті жинақтаушы жүйе. Зейнеткерлерді қамтамасыз ету жауапкершілігі толығымен мемлекетке жүктелген уақыт тарихқа айналып барады. Әрине, мемлекет базалық зейнетақыны зейнет жасына толған барлық қазақстандықтарға төлейді. Ал 1998 жылға (сол кезеңде зейнетақы аударымдары мемлекеттік бюджетке жіберілді) дейін жұмыс өтілі бар адамдарға ортақ зейнетақы төленеді. Алайда 2040 жылдардан бастап еңбек қызметі 1998 жылдан кейін басталған адамдар зейнетке шыға бастайды. Бірақ олар ортақ төлемдерді пайдалана алмайтындықтан зейнетақыларының мөлшері негізінен жеке зейнетақы жинақтарына байланысты болады.

Сондықтан Қазақстанда бюджетке түсетін жүктемені азайтып,

болашақта зейнетақы мөлшерін арттыруға қабілетті көп деңгейлі зейнетақы жүйесінің жинақтаушы құрамдауышы ерекше маңызға ие.

Біздің қарттығымызды қамтамасыз ететін зейнетақының жинақтаушы бөлігі тек өзімізге ғана байланысты. Қанша жинасақ – қазыналы қарттығымызда сонша аламыз. Бұл өте әділ және ақылға қонымды үрдіс. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қалай жұмыс істейтініне мысал келтірейікші. 1998 жылдан бастап 23 жасында республика бойынша орташа айлық жалақыдан (бұдан әрі – ОАЖ) міндетті зейнетақы аударымдарын тұрақты түрде (жылына 12 рет) жүзеге асыра бастаған салымшы ағымдағы жылдың басында шамамен 6 млн теңге мөлшеріндегі жинақтың иегері атанды. Жинақтың мұндай көлемі зейнетке шыққан азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығына сәйкес 18-20 жыл БЖЗҚ-дан 32 000 теңге мөлшерінде ай сайынғы төлемді алуға мүмкіндік береді.

Алайда Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы құрамдауышы қалыптасу жолының тек жартысынан ғана өткенін атап кеткіміз келеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастырудың толық циклі (40 жыл) 2038 жылға қарай аяқталады. Сондықтан жинақтаушы зейнетақы құрамдауышы ұзақ мерзімді перспективада қарастырылуы тиіс. Осылайша, жоғарыда аталған салымшы болашақта ОАЖ деңгейіндегі кірістері мен жарналардың жүйелілігін сақтаған жағдайда, оның жинақ мөлшері 2038 жылға қарай ағымдағы бағамен шамамен 16 млн теңгеге жетеді екен. Бұл БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақыны 86 000 теңге мөлшерінде қамтамасыз етеді. Оған қоса, 35 жылдан астам тәжірибесі бар осы салымшыға ағымдағы бағамен 48 680 теңге мөлшерінде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі де есептеледі.

Салыстыру үшін: 1998 жылдан бастап республика бойынша ең төменгі жалақыдан (бұдан әрі – ЕТЖ) тұрақты міндетті зейнетақы аударымдарын (жылына 12 рет) жүзеге асыратын салымшы үшін ағымдағы жылдың басына жинақ көлемі шамамен 1 млн теңгені құрайды. Болашақта ЕТЖ деңгейінде кірістер мен жарналардың жүйелілігі сақталған жағдайда 2038 жылға қарай жинақтау мөлшері ағымдағы бағамен шамамен 3 млн теңге болады. Қордан ай сайынғы төлемнің ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% құрайтындықтан, бұл салымшы БЖЗҚ-дан шамамен 10 жылдай зейнетақы алады.

Зейнетақы жарналарының жүйелілігі мен толықтығы – зейне-

тақымен қамсыздандырудың лайықты деңгейінің басты шарты Жоғарыда келтірілген мысалдар жинақтау сомасы зейнетақы жарналарының жүйелілігіне, толықтығына және мөлшеріне, яғни халықтың жұмыспен қамтылуына және табысына байланысты екенін айқын көрсетіп отыр. Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес, лайықты зейнетақы табысын қамтамасыз ету үшін азаматтардың алып отырған зейнетақысының мөлшері сол азаматтың еңбек етіп жүрген кезде алып отырған табысының кемінде 40% құрауы тиіс. Бұл ретте кейбір мемлекеттер өздерінің нысаналы мөңдерін белгілей алады. Мысалы, дамыған елдерде олар жоғалған табыстың 60-70% қол жеткізуге тырысады. Қазақстанда бұл көрсеткіш ортақ зейнетақыны ескере отырып, 2022 жылы шамамен 46% болды. Осыған байланысты, ынтымақты құрамдас бөліктің біртіндеп қысқаруына қарай жеке зейнетақы жинақтары есебінен төленетін төлемдер халықаралық стандарттарға жақындатылған зейнетақымен қамсыздандырудың барабар деңгейіне қол жеткізу үшін жиынтық зейнетақыда барған сайын үлкен үлеске ие болуы тиіс. Бұған зейнетақы жарналарының жүйелілігі мен толықтығы есебінен қол жеткізуге болады.

Сондықтан жинақтарыңызды мұқият қадағалап отыру, оларды әр жалақыдан бақылау өте маңызды. Егер кенеттен қандай да бір кезеңге жарналар түспесе, салық органдарына жүгіну керек. Олар зейнетақы аударымдарының уақытылы және толық мөлшерде аударылуын бақылайды. Біздің жинағымызға инвестициялық кіріс есептеледі. Жоңақ сомасы неғұрлым көп болса, оған есептелетін инвестициялық кіріс те, сәйкесінше болашақ зейнетақы төлемдері де соғұрлым жоғары болады.

Сондықтан "көлеңкедегі" жалақыға көңілің тоғайтып жүрген алушылар болашақтағы зейнетақыларын осылайша қолдан азайтып жүргендерін түсінгендері жөн. Адал, уақытылы жасалатын аударымдарға адамдардың өздері қызығушылық танытуы керек. Мүмкіндік болып жатса, ерікті зейнетақы аударымдарын да қолданған жөн. Себебі, жарна аударудың бұл тәсілі қазыналы қарттыққа қол жеткізудің тағы бір тиімді жолы.

Әр адам өз өмірінің тек ұзақ болуын ғана емес, сонымен қатар оның сапалы да мәнді, беделді де белсенді болғанын аңсайды. Ендеше, қарттығымыз жаңа мүмкіндіктер мен қуанышты сәттерге толы алтын кезеңге айналсын, достар!

КОНКУРС

«ОЙЫЛАУДАНДЫҚ ШІКІСАЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУЫҒУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ОЙЫЛАУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ.

1.Лауазымдық міндеттері:
- кітапхананың өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтеріне басшылық жасайды, қабылданған шешімдердің орындалуын, оның теңгеріміндегі кітапхана қорының сақталуын, толықтырылуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- кітапхана қызметінің саясатын, стратегиясын және оларды жүзеге асыру тетіктерін анықтайды;
- заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасасады және бұзады, мәмілелер жасайды;
- бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;
- құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарын және өзара тиімді әрекеттестігін ұйымдастырады, олардың қызметтерін кітапханалық қызмет көрсетуді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;
- ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін тиімді пайдалану және дамыту, өмір сүру мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша шаралар қолданады;
- ұжымдық шартты дайындауды, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, еңбек уәдjemесінің, қызметкерлер бастамалары мен белсенділігінің дамуына ықпал етеді;

- кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шешеді, қызметтің жеке бағыттарын жүргізуді директордың орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер жетекшілеріне тапсырады.

Санаты: А-3-3-1; Лауазымдық жалақысы: қызмет өткерген жылдарына байланысты: 226 707 төңгеден 275 250 төңгеге дейін.

2.Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі:

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (гуманитарлық ғылымдар) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Жұмыс өтілі: Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес, немесе Президенттік жасас кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе

өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 2 жылдан кем емес.

3.Білуі тиіс: Конституцияны; Бюджет кодексін; Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін; Еңбек кодексін; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін; "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын; кітапхана ісінің теориясы мен практикасын, отандық және шетел кітапханаларының жұмыс тәжірибесін; ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

4.Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі (қосымшаларымен);
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбекшартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау шараландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы, Көкжар 66 (Балалар кітапханасы ғимараты,) мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі).

Толық ақпаратты +7 (71332) 21-5-60 телефоны бойынша алуға болады.

НҰРСҰЛУ — ОЙЫЛДЫҢ ЗАРЕМАСЫ



Ол «Байтал түгіл, бас қайғы» өткен ғасырдың 80-90 жылдары Н.Талапованың атын көпшілік әктөбеліктер білмейтін, атын жиі атай бермейтін, көмескіленген еді. Нұрсұлу ауылынан ерте алыс Алматыға балалық шағында кетті. Туған ауылы Ойылдан алыс опера және балет өнері жанрында өнер көрсетіп, балет артисі болды. Ауылмен араластығы аз еді. «Көзден кетсе, көңілден кетеді» - деген, әрі сахнадан өнер көрсетуді ерте қойды. Бишінің кәсіби ерекшелігі солай!

Атақты балет артисі, биші Нұрсұлу Тапалова туралы алғашқы рет маған, мен Ақтөбе облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып жұмыс жасап жүрген жылдары, менің әктөбелік атақты адамдарды жастарға өнеге етумен олардың өмір, қызметін насихаттау мақсатында білетін досым, Қазақстанның халық артисі, халықаралық байқаудың гран-при иегері, иллюзионист, Алматыдағы республикалық қуыршақ театрының директоры Сұлтанғали Шүкіров айтты. Нұрсұлу алайды заман ауысып, аунап түсіп, өнер мекемелерінің басшылары өзгеріп, білетін әріптесі азайып, өзі үлкейіп қалған кезінде Алматының көк базарында кездестіретінін, өнерге еткен еңбегін мол өңгімелеп берді.

Ойылдағы мақсат болған соң, түйдім де Нұрсұлу Елубайқызы жайлы деректер жинадым. Экспедиция ұйымдастырып, Алматыға маман қызметкерімді деректер жинауға жібердім. Өзім мәліметтерге қанықтым. Шара өткізіп, іс-әрекет жасауға дайын болдым. Ойланып би ансамблдерінің Нұрсұлу Тапалова атындағы жұлдеге облыстық байқауын өткізуді жоспарладым. Ережесін дайындаытып, Ақтөбе облыстық халық шығармашылығы үйінің директоры ойылдық Нұрлыбек Қалауов еді, тапсырма бердім. Тахауи Ахтанов атындағы облыстық драма театрында өткен байқауға қатысуға аудандардан ансамбльдер мүшелері - бишілер келді. Байқау қызығушылықпен, шығармашылықпен жақсы өтті. Полина Озерная - белгілі хореограф, қазылар алқасының төрайымы, аудандардан келген бишілердің, аяқ, қол, дене қимылдарына, бидің қойылуына, орындарына, киімдеріне риза болып, атап көрсетті, жақсы бағалады. Мысалы Байғанин ауданынан қазірде есімде атты ерекше «Бұрымды» деген би ансамблі қатысты. Орындау дәрежесінің жақсылығы аталды. Жас хореограф, ансамбль жетекшісінің жұмысын бағалады. Байқауды өткізерде «қиын кез, ақша жоқ, жағдай ауыр, би ансамбльдерінің келуі, қатысуы екіталай-ау» - деген де пікірлер болды. Сөйтіп байқау өтті. Қатысушылардың көңілдері көтеріңкі, облыс орталығында

өнер көрсеткендеріне қуанып, риза болды. Содан бері, би байқауы жүйелі жалғасып, өткізілуде. Облыстық мәдениет басқармасы, халық шығармашылығы орталығы байқауды республикалық дәрежеге көтерді. Осылай, Нұрсұлу Елубайқызы Тапалованың атын ұлықтау, өнерін, өмірін насихаттау басталған еді. Нұрсұлу Тапалова 1923 жылы 13 қыркүйекте Ақтөбе облысының Ойыл ауданында өмірге келген. Елубайдың талапты қызы мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өнерге бет бұрып, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. 1934 жылы Алматыдан жаңа құрылған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі Ойылға гастрольмен келеді. Ұжымды ұйымдастырушы және басқарушы А.Жұбанов бастап келген өнерпаздар ойылдықтарға үш күн рухани ләззат сыйлап, ауылды мерекеге бөлейді. Осы сапар күндері алдарында билеген 11 жастағы Нұрсұлудың талантын байқаған Ахмет Жұбанов оны өнер деген үлкен салаға бағыттап, оған кәсіби білім алуға жол сілтейді.

Мектепте би үйірмесіне қатысып, ауыл сахнасына шығып, қоғамдық жұмысқа араласқан Нұрсұлу 1936 жылы қазақтың атақты әншісі Күләш Байсейітова мен биші Шара Жиенқұловалардың атағы дүрлідеп ауылға дейін жеткенде солар жүрген ортаға жетулі армандайды. Жеті жылдық мектепте оқып жүргенде көркем өнерпаздар байқауынан іріктеліп, арман жетелеп, Алматыға барып, 13 жасында Абай атындағы опера және балет театры жанындағы би мектебіне түседі. Онда Күләш Байсейітованың қамқорлығында болып, Шара Жиенқұлованың көмегін көреді. Биші болып қалыптасуына А.Александров, Г.Уланова, Е.Лифанова, Ю.Ковалев сияқты өнер иелерінің әсері тиеді. Балетмейстер А.Александровтың шындауынан өтеді. Оқытушысы және театрдың көркемдік жетекшісі Қ.Жандарбеков талапты жастың талантын ұштап қана қоймай, Москва және Ленинградтағы хореографиялық училищенің біріне оқуға барып, ұлттық би бөлімінде білімін, шеберлігін жетілдіруге кеңес береді. Бірақ Нұрсұлу театрдан кетпей, оқуға бармайды, кәсіби білімі болмаса да, жаратқанның табиғатынан таланты биші етіп жаратқанын дәлелдеп, көпшіліктің көз айымына айналып, театрдың балет артисі болып шыға келеді. А.Александровтың жетекшілігіндегі театр студиясында оқып үйренеді. Театр басшылығы жас бишіге кейде жеке билерді билеуге тапсырады. «Қыз Жібек», 1938 жылы қойылған алғашқы қазақ балеті «Қалқаман-Мамыр» қойылымдарында Н.Талапова Шара Жиенқұлованы ауыстырады. 1936-1938 жылдары опера және балет

әртисі, кейін жеке балет бишісі болып сахнада өнер көрсетеді. 1941-1953 жылдары опера және балет театрында прима-балерина болып жұмыс істейді, тәжірибе жинайды, шеберлігі шыңдалады. Ұлттық операларда жеке билері шығады. Репертуары Дариға («Көктем»), Зарема («Бақшасарай фонтаны»), испан биі («Аққу көлі») т.б. билермен толығады. «Киноконцерт» «Белая роза» и «Жамбыл» атты белгілі 20 шақты кинофильмдерге де түседі. «Нұрсұлу Тапалова Зареманы классикалық дайынсыздық биледі. Оның Заремасы нағыз шығыстың аруы болып шықты. Оның биін көріп отырып, биге елітіп кетпей, ғажайып сұлу биіне қарай отырып, оның тартымды әсеріне ерекше бой алдырмау мүмкін емес. Нұрсұлу Тапалова дәстүрлі классикалық би өнерінің толып жатқан қым-қуыт қиындығын орасан зор ерекше күшімен жеңе білді. Ол қиындығы мол ерекше тәсілдерді бейнелер арқылы сомдап, олардың нәзік сезімдерін көрерменге айрықша жеткізе білді. Бұл биші нағыз ұлттың бағына жаралған», - деп жазды «Менің балетім» деген кітабында халық әртисі Болат Аюханов.

Бақшасарай фонтанындағы Зарема Нұрсұлудың сүйікті кейпкері, ең жақсы биі.

Мен Ойылда, Алматыда болдым. Қырымға барып, Бақшасарай фонтанын көрдім, қасына тұрып фотоға түстім. Бақшасарай фонтаны туралы жазылған тарихи, әдеби, сазды шығармалармен таныс адам үшін экскурсия ерекше әсер етеді. Жұртшылыққа танымал болған талантты биші үкіметтік концерттерде сахнаға шығады. 1946 жылы 6 қарашада Қазан төңкерісінің 29 жылдығына арналған салтанатты концертте Л.Хамидидің «Қазақ биін» Рубенштейннің «Тореадор мен Андалузасында» испан биін шабыттана биледі. Н.Талапова И.Морозовтың М.Моисеев қойған «Доктор Айболитінде» және «Эсмеральда» балетінде шебер шынайы биледі.

1941-1953 жылдары Нұрсұлудың бишілік шеберлігінің шыңдалып, атақ-абырының өскен, аса танымал болы, аты дүрікіреп шыққан жылдар болды. 1947 жылы 24 жасында «Қазақ КСР еңбек сіңірген әртисі» атағы берілді. 24 жасында 1947-1949 жылдары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Өнер адамының тағдырында жол бұраланыч көп болады емес пе? Тасадан тас атқан театр интригасы 1953 жылы отызға толған бишінің театрдан кетуіне себеп болады да Нұрсұлу өн-би мини-атюрасы жанрындағы эстрадалық салаға ауысады. 1954 жылы Қазақтың мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясына ауысып, Кеңес Одағы мен демократиялық республикалардың өн-би ансамблінің жеке бишісі болып өнер көрсетеді.

1958 жылы 22 наурызда әйгілі биші Қазақстан комсомолының IX съезінің делегаттарына арналған үлкен концертте «Махаббат вальсін» биледі. Москваға онкүндікке жүрер алдында Н.Талапова 1958 жылы Алматының сол кездегі Ленин атындағы мәдениет және демалыс паркінде концерт қояды. Онда ұйғыр биін, Б.Байқадомовтың «Шаттық жырын», татар әні «Еркем», өзбек әні «Там басында», қырғыз әні «Кімге айтам?», «Су тасушы қыз» әнін, «Махаббат вальсін», әзірбайжанның халық әні «Джуджеләрімді», «Бозжорға» биін, осетиннің «Лезгинкасын» орындап, әр ұлттың өнерін көрерменге маржандай тізіп берді.

1958 жылы Нұрсұлу Тапалова Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндікке қатысады. Өзіне бекітілген рольді кәсіби деңгейде, жоғары дәрежеде сахнаға алып шыққан қазақтың мың бұралған тал шыбықтай бишісін Кеңес Одағы ғана емес, әлем таныды. Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Нұрсұлу бишінің көрерменнің ыстық ықыласына бөленгенін одақтас республикалардың, орталық баспасөздердің жарыса жа-

зып, кеңінен дәріптегені белгілі. Әсіресе Әзірбайжанның ұлттық биі «Джуджеләрімді» үйіріп әкеткенде қазақ бишісінің асқан шеберлігіне талайлар таң қалды. Осы онкүндікте «Біржан-Сара», «Абай», «Назугум», «Дударай» операларының сахналық көріністерін тамаша билерімен әшекейлерді. Қазақ өнерін дамытуға үлес қосқаны үшін онкүндіктен оралғаннан кейін Н.Талапова «Құрмет белгісі» орденімен, 1957 жылы «Тың жерлерді итергені үшін» медалімен, грамоталармен марапатталады. Әйгілі биші 1960 жылы «Қазақконцерт» гастрольдік – концерттік бірлестік ашылғанда, осы ұжымға ауысып, 1961 жылы Ғ.Құрманғалиев, А.Үмбетбаевтармен бірге Ақмола қаласында үлкен концерт берген. Ал Ж.Омарова, Р.Бағланова, Г.Ғалиева, П.Кононова, Ә.Есқалиевпен Москва, Ленинград қалаларындағы мәдени шараларға қатысады. Сондай-ақ Л.Сүйіндікова, Т.Бұйрабаева, ерлі-зайыпты Серіковтер және Б.Мырзалиевпен бірге эстрада бригадасымен Алматы, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарына, Ақмола, Ақтөбе сияқты қалаларға шығып өнер көрсетеді. Кейін өзінің эстрадалық квинттегі Х.Абугалиева, А.Макагонова, Ю.Морфесси, С.Қабиғожина, Р.Жуниманов секілді әртістермен гастрольге шығып, республика жұртшылығына мәдени қызмет көрсетеді. «Нұрсұлу мейірімді болғанымен, өзінің концерттік бригадасындағы тәртіпке қатаң қарайтын еді» - дейді бишінің бригадасында болған Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Сара Боранбаева.

Болат Аюханов Қазақстанның халық артисі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты- «Нұрсұлу Тапалова –қазақ ұлттық биінің де нағыз шебері. Оның қазақ операсында, әсіресе «Біржан мен Сара» операсының бірінші актісі мен «Ер Тарғын» операсының соңғы актісіндегі биі ерекше шықты. Ол билеген сиқырлы сахнаға қарай бергіш келеді», - деп бағалайды.

1975 жылға дейін сахнада өнер көрсеткен шебер биші қазақ, қырғыз, өзбек, армян, испан, орыс т.б халықтардың ұлттық билерін сахнада керемет орындауға жол жеткізді. Қазақ биі «Бозжорға» қырғыз биі «жылқышы» өзбек биі «алтын көл» армян биі «сори ахчик» биі, «ер тарғын» опера-сындағы Алтынай, орыстың лирикалық биі, шығыс биі, әнмен биленетін испан биі «пасадобль» т.б әсем билерді шәкірттеріне үйретеді.

Нұрсұлу туа біткен талантымен қатар Алла Тағала берген асқан сұлулық иесі болған. Тоты анасы Нұрсұлу туралы былай дейді: «небір мықты қылқалам шеберлерді қазақтың сұлу қыздарын саларда менің анандың сымбатты мүсінімен салыстыра қарап алып барып кірісетін еді». Нұрсұлу десе Нұрсұлу еді. Шоқыр зайыбына «лучше всех» деп ат қойған. Нұрсұлу Тапалова мен Шоқыр Бөлтекұлы қазақтың біртуар өнер қайраткері Ш.Айманов, Н.Тілендиев Ғ.Құрманғалиев, А.Жұбановтармен бір сахнада өнер көрсеткен, Ю.Момышұлының, Б.Байқадомовтың т.б отбасымен дос болып, араласып өмір сүрген. Сахнаның көркі, сұлу да сылқым, ерке биші болса, оның зайыбы Шоқыр Бөлтекұлы қазақ боксының атасы. Олар Айсұлу, Тотты атты екі қыз тәрбиелеп өсірген. 1992 жылы белгілі бишінің ғұмырлық жары, Қазақстан боксының атасы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері атағын алған тұңғыш қазақ Шоқыр Бөлтекұлы өмірден өтті.

Қазақ бишісінің ұлттық мәдениеттің дамуына субелі үлес қосқан тұлға Нұрсұлу Тапалова 1998 жылы 13 қарашада Алматы қаласында қайтыс болды.

Дағдарыс жылдары қазақтың екі атақтыларының, бокс және балет өнерінің қайраткерлерінің басы қарайтылмай қалған еді. Сол олқылықтың орны толды, түзетілді. Маңғыстаулық боксшы-намыс-

шыл азамат жігіттер жиналып, бастамашылдықпен ерлі-зайыпты Адай Шоқыр Бөлтеков пен Ысық Нұрсұлу Тапаловаға Алматыда Кеңсайда мрамордан келісті, көлемді, көрнекті етіп, бұл және о дүниеде екеуін айырмай, фотоларын салып, атақтарын атап, сіңірген еңбектерін, өмір жылдарын жазып, қазақ боксының ортасының аруағын ардақтап, би өнерінің қасиеттерін қастерлеп ескерткіш белгі қойды. Алматыда ас беріп, құран оқытып, еске алды. Мені де шақырды. Жігіттер елдің ісін істеді.

Дүние жүзіне танымал балет шеберлері Галина Уланова мен Майя Плисецскаялармен өткен ғасырдың қырқыншы жылдары Абай атындағы академиялық опера және балет театры сахнасында бірге өнер көрсетіп, гастрольдік сапарда бірге болған, ұлттық хореографияның қалыптасуына, дамуына зор үлес қосқан ірі тұлға, балерина Нұрсұлу Тапалова еді. Оған қандайда болса құрмет пен мәртебе лайық. Н.Талапова Ш.Жиенқұловадан кейінгі би әлеміндегі ірі тұлғалардың бірі болды. Сахнадағы 39 жылғы таза еңбегімен қазақ мәдениетінің аотын қорына зор үлес қосқан дарынды биші.

Өзінен кейін керемет өнерін мұраға қалдырған талантты өнер қайраткерін биші Нұрсұлу Елубайқызы Тапалованы іздеушілер, өмірі мен өнерін зерттеп, насихаттаушылар бар.

2021 жылы іздеп, маған Ақтаудан Маңғыстау облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі, бас хореографы келді. Мақсаты Н.Е.Тапалова жайлы деректі фильм түсіруге, фотолар, естеліктер жинау. Менен Н.Талапова туралы деректер алып, бір жарым сағаттық сұхбат жазып алды. Өте ыждағатты, ұқыпты, қызығушылығы мол маман екен. Көмектестім.

Қазірге таңда халықтық би ұжымдары арасында Н.Талапованың республикалық байқау ұйымдастырылып жыл сайын өткізіл келеді.

Селезене атындағы Алматы хореографиялық училищесіндегі музейде асқан биші Н.Талапованың фотосы, азды-көпті деректер жиналған. Орталық Мемлекеттік кинофотокужаттар және дыбыс жазбалары мұрағатында әйгілі бишінің елуінші жылдары түсірілген билері сақталған. Ақтөбе облысының Ш.Берсеев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлкетану музейінде Н.Талаповаға арналған арнайы экспозиуия жасакталған , деректер, тұтынган заттары, экспонаттар жиналған.

Атақты балеринаның 90 жылдығына арналып Ойылдағы музейде мәдениет үйінде арнайы шаралар өткізілді. Ақтөбе облыстық тарихи өлкекетану музейінде 2013 жылы 20 қыркүйекте Нұрсұлу Елубайқызы Тапалованың 90 жылдығына арналған «Би өлемінің таланты» атты сазды – танымдық көш өтті. Ғажайып биші Нұрсұлу Тапалованың шынайы өнері өлмейді, жасай береді.

Биыл, көзден кетсе де, көңілден кетпейтін атақты биші, балет артисты, Қазақ КСР еңбегі сіңген Нұрсұлу Елубайқызы Тапалованың 100 жылдығын Ақтөбе облысы әкімдігінің басшылық, қолдауымен облыстық мәдениет басқармасы, халық шығармашылығы орталығы мазмұнды, әсерлі және кең көлемде атап өтуді жоспарлап, дайындық жұмыстарын жүзеге асыруда. Ұмыт бала бастаған аты-атағы мадақталып, қайта түлеп, еңбегі еленип, еліне оралды. Атақты ару бишіге арналып атқарылатын жұмыстар, азаматы шықса, әлемде бар. «Сол бізге керек пе, бізге не береді?» - деушілер болар, Н.Талапованың өмірін, өнерін насихатату, өнеге ету Ақтөбе өңірінде би өнерін өрлету, дамытуға екпін береді. Осы түпкі мақсат.

Еркін ҚҰРМАНБЕК,
ҚР мәдениет қайраткері, Ақтөбе облысының Құрметті азаматы, Қазақстан журналисттер одағы мүшесі. Ақтөбе қаласы.

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен әлі де болса мән бермейміз. Ең басты мәселе - адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау. Өрт – адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесіне серектікпен қарамаса онық жетізеді.

Өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындардың қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан орын алады. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жабайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.

2. Сымдар мен көбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балкытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

3. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

4. Мыналарға:

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына; 2) электр жеткізу желілерінің астына; 3) уәчаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошқтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маярларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошқтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маярларын орналастыруға жол берілмейді. Сонымен қатар өрт қауіпті кезеңінің басталысымен орман және дала алқаптарында өрттердің туындау қауіп қатері еседі.

Осыған байланысты далалық жерлерде құрғақ шөптердің жануын алдын алу үшін :

1. Шаруа қожалықтары шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақтауы. Техникаларына уақытлы техникалық қызмет көрсетіп қалыпты жағдайда ұстап, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз етілуі тиіс;

2. Тас жолы бойында жүретін автотөкіл жүргізушілері темекі тұқылын сөндірмей тастамау;

3. Табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде, от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау, тез тұтанғыш қоқыстарды шашып тастамау қажет. Өрт кезінде жергілікті тұрғындардың уақытлы хабарлап, бір адамдай тіпсіз жауды дер кезінде тоқтатуға күш біріктірмейтініне өкінеміз. Өкініштің арты неге әкеліп соғатынын бәрімізге де мәлім. Сондықтан да ағайын, бір жеңнен қол шығарып, бір жағадан бас шығарып тіпсіз жауға жол бермейік. Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытқыз, өрт күзетін «101» немесе «112» телефонды бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз, өрт сөндірушілермен кездесуді ұйымдастырып, жану ошағына тез жетер жолды көрсетіңіз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Ойыл селосы, Ақырсы Төреғалиева (28.12.1955 ж – 28.03.2013 ж)  Асыл –жар, аяулы - ана мейірімді, Адал жүрек, нәзік жан жаз көңілді, Отбасым, ағайыным, бауырым, - деп Арнадың айналаңа бар өмірді. Құрбы, құрдас, достарды бағаладың, Сыйлы болдың, сыйладың жеке бәрің, Құда-жекжат бәрінде жақын көріп, Күйеу бала, келіндерді бала қылдың. Әкемізді тастап өзің кете бардың, Көз жасы көп бол қалды-ау балаларың, Немере, жиендерің, бәрі-бәрі, Егіліп қимай қалды әжелерін. Асыл-ана, адал-жан, бұлағымыз, Енді өзіңді өмір бойы сағинамыз, Бір иіскесек, шіркін-ай хош иісінді, Аmaal қанша, тағдырға бағынамыз. Еске алушылар: Жолдасы Базарғали, бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немерелері, жиендері.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 430 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ТІЛЕГЕН АҒА - БАТАГӨЙ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

ЖЫЛ САЙЫН «БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР» АТТЫ БАТАГӨЙ АҚСАҚАЛДАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ ӨНІРДЕГІ АР-ДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІМЕН БІРЛЕСЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БАЙҚАУ БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ.



«...АНА ТІЛІН СҮЙМЕГЕН - ХАЛҚЫН СҮЙІП ЖАРЫТПАС»

Қазақстанның егемендігі, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі - мемлекеттік тіл. Тіл туралы заңымыздың қағаз жүзінде қалмай қолданысқа еніп, мемлекеттік тіл ұлт тіліне айналып келеді. Сондықтан ең бастысы-өзіміз өз тілімізді құрметтеп сыйлауымыз керек, ана тіліне

жай көңіл бөліп қана қоймай, одан әрі қарай жетіліуіне, заң жүзінде дамуына үлесімізді қосу және ана тілінде іс-қағаздарын жүргізуді дамытуды қалыптастыруға күш салу қажет. «Ана тілін білмеген - ақылы жоқ желік бас. Ана тілін сүймеген - халқын сүйіп жарытпас» - деген сөзде терең

Аталған байқаудың мақсаты - салт-дәстүрімізді насихаттау, ежелден келе жатқан батаның мағынасы мен мазмұнын жас ұрпаққа дәріптеу, бойына сіңіру, батаның қадір қасиетін түсіндіру. Облыстық байқауға қалалық және аудандық байқаулардан үздік деп таңылған 65-82 жас аралығында 14 қария қатысты. Батагөй ақсақалдардың байқауында жерлесіміз Тілеген Алданаев 1 орынды жеңіп алды. Даналық дәстүріміздің дара үлгісін көрсеткен ақсақалды көше аудан әкімі Асқар Қазыбаев қабылдап, құрмет көрсетті.

мағына жатыр. Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл, ортақ тіл. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін әрбір азаматтың тілі.

С.ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық сотының көңсе бас маманы.

«ҚАЗАҚТЫҢ БИБИ — АНАСЫ»

ЖЕРЛЕСІМІЗ БИБІГҮЛ ИМАНҒАЗИНАНЫҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ОБЛЫСЫМЫЗДА КЕҢ КӨЛЕМДЕ БАЙҚАУЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ҚОҒАМДА ӨЗ ОРНЫ БАР, ЖАЗУШЫ, КӨПКЕ ҮЛГІ АНАМЫЗ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР...

Адам бала кезінен — ақ, асау арман жалына жармасып, асқар биіктерге аяқ басуды алдына мақсат етіп қояды. Бұл, әсіресе Алаш баласы - ұл- қыздарының мақсаты. Адам өмірі шынымен де шын ниет, шынайы мақсат, ашық көңілмен жалғасады. Бұл үшін ең бірінші - жылы жүрек керек. Одан кейінгі кезекте - ұлы Абай атымыз айтқандай Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл керек. Бүгінгі менің мақсатым - осындай арман-мақсатты арқалаған, талантты тұлға, парасатты прозашы, абзал ана, Қазақтың Терезе анасы, Бибі-Анасы есімдерімен таныс, Қазақстанның еңбек сіңірген қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, белгілі өлкелік жазушы Бибігүл Иманғазинаның мол мұрасымен бөлісу.

Б.Иманғазина 1942 жылы 24 желтоқсанда Ақтөбе облысы Шалқар қаласында дүниеге келген. Өнерге, өмірге құштарлық 5 жасынан бастап-ақ білінеді. Осы жолда әке ақылын тыңдамай, 17 жасында орта мектепті бітірісімен Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Өнер консерваториясына оқуға түседі. Алайда, тағдыр оны үлкен өмір жолында ауыр сығға тап қылады. Жазушы үшін бұл өмір мен өлім бетпе-бет келген сынақ болды. Өлімді өмір, ажалды адам — қазақ қызы Бибігүл апамыз жылдар бойы араласып, айлар бойы айқасып бұл сынақты да жеңіп шықты. Тауқыметті тізерлетіп, ерлік жасау әр адамның қолынан келе бермейді. Сұрапыл соғыстағы ерлікті жасаудан гөрі, бейбіт кездегі ерлікті жасау, әріне қиын. Соғыстағы жау — белгілі, қашан, не істейтінің де анық. Ал мынадай төтеннен келген тауқыметті — қашан, қалай жеңерің белгісіз. Айқаса беру керек. Мүмкін айлар, мүмкін жылдар бойы, мүмкін өмір бойы...

Өмірге Бибігүл болып келіп, сөз өнеріне Бибісана болып еніп, әдебиетте берен тұлға — «Бибі - Ана» болып орын тапты. Еліміз енді ғана егемендік алған кезде Бибігүл анамыз өзінің «Тауқымет» романын оқыған мүгедек аналардан «Шіріген күріш, ұн жеуге мәжбүрміз» деген хаттарын көріп, өзінің басынан өткен ауыр жағдайын арқау ете отырып «Тауқымет» қоғамын құрады. Кейін 1992 жылы Республикалық құрылтайда мүгедек аналардың өтінішімен «Бибі - Ана» болып өзгертілді. Қоғамның мақсаты - мүгедек аналардың жағдайын жа-сап, балаларын тамақпен, киіммен қамтып, білімсіз қалдырмау, аналарды жұмыссыз қалдырмау

болды. «Бибі - Ана» басын тауға да, тасқа да ұрып жүріп, балалардың жоғары білім алуына тікелей көмек берді. Оларға арнап тегін тамақтанатын асхана ашып, компьютермен қамтамасыз етті. Өздеріне осындай қамқорлық көрсеткен балалар апамызды «Бибі - Ана» деп атады. «Мүгедек аналардың балалары берген «Бибі - Ана» деген ат мен үшін барлық марапаттан да жоғары» дегенді мақтанышпен айтып жүремін дейді Бибі — Ана. «Бибі - Ана» қоғамы да талай қасіретті басынан өткерді. Ол туралы «Тауқымет» романында ашық баяндалады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, II топтағы мүгедек ана, жазушы Б.Иманғазина оқырманға «Тауқымет» романымен жақсы таныс. 1995 жылы «Оқырманы көп автор» деген арнайы дипломға ие болған. Бұл жазушы шығармашылығының қалың оқырманға қаншалықты жақын екендігінің бір мысалы. Жазушының өз өмірінен жазылған шығарма оқырмандарды баурап алды. Бір қаныпезердің кесірінен мүгедектікке душар болған жас қыз өзіне-өзі: «Осыдан аман-есен сауығып, ел қатарына қосылсам, барлық жетім-жесірлерге, мүгедектерге қолымнан келген көмегімді аямаймын» - деп серт береді. Бұл Бибиананың қайраткер ретіндегі ерлігі деп білемін.Қайсар, қаһарман қыз сөзінде тұрып, барлық мүгедек жандарға қамқор болып, бүгінде «Бибі - Ана» деген атпен белгілі. Жазушы«Тауқымет» романын “Прокурордың сүйікті қызы» деп бірінші бөлімін бастап жазғанымен, қор басшысы болып, қоғамдық ұйым жұмысынан босамай, “Тауқымет” романын жаслағастыра алмайды. Алайда, көкейінде жүрген, бастаған ісін бітіру мақсатында осы романның “Тіршіліктің түрі көп”, “Сен әйел емессің, құбылыссың” деген екінші, үшінші бөлімдерін жарыққа шығарады. Бұл романның үшінші кітабының тарихи — деректік құндылығы, мыңдаған жетімдерге пана Бибі — Анаға айналуын нағымды да шынайы, көркем етіп көрсетуінде жатыр. Біздің тамырын ғасырлар қойнауына тартқан әдебиетімізде шынайы, шың шығармалар жетерлік. Алайда, бүгін де, ертең де қайталанбас, болашаққа еркін қадам басар дара дүние “Тауқымет” біреу-ақ.

Қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар алып жүрген абзал ана бүгінгі күні «ұлт рухы» десе асқақ ойын ашық айтып, «ұрпақ тәрбиесі» десе ұйқысын төрт бөлген

адам. Өріне, қай кезде де қоғамды ілгері қозғайтын да осындай жігері биік қайырымды қайраткерлер деген ойдамын. Осындай жастайынан өмір тауқыметін тартып, жетім —жесірдің, мүгедек жандардың жоғын жоқтап, жанына жалау болып жүрген «Бибі - Ана» атанған апамыздың бойынан қазақ қызына тән қаһармандық, қайсарлықты көремін.

Бибісана “Өзімді кім сүйсе, соған күйеуге шығамын. Менің ана болуым керек. Қанатты тек қана ішімнен шыққан бала ғана ұмыттыра алады” деген мақсатына жету үшін әртүрлі қорлық пен зорлықты көре жүріп, Ана да болды, Жазушы да болды, Қоғам қайраткері де болды. Қазіргі таңда бір ұл, бір қызы бар абзал ана! Қызы Ләйлім — Абай атындағы Опера және Балет театрының бас режиссері, Қоғам қайраткері, “Тарлан” сыйлығының лауреаты. Ұлы Аспан - психиатр, кәсіпкер. Ең алдымен анасының денсаулығын қадағалайды. Қай істе де анасының ең басты көмекшісі.

Мүгедек аналардың мәселесі — мемлекеттің де мәселесі. Елімізде бұрын болмаған мұндай қоғамның құрылуы, Президентіміздің қолдауымен аса иіпкілті іске кең жол ашты. Атақты Бибі — Ана қоғамы осылай кіндік кесіп, көп ұзамай көшбасшылық іске айналды. Б.Иманғазинаның қайраткерлігі мыңдаған отбасылардың балаларын шетелге тауар болып сатылудан аман сақтап, жүлдіз етіп жандыра білуі — бүгінімізді бекемдеу ғана емес, болашағымызды бүтіндейге қосқан үлкен ғыл, сенбейтін от, өшпейтін өнеге деп білемін. Өзі айтқандай, қазақтың Терезе -ана, Бибі — Ана деп бағалауымыз орынды. Бұл халықтың шынайы құрметі, әлеуметтік тұрғыдан марапат деп ойлаймын. Барша қазақтың Өз — Анасына деген жолдмнің лебізімді мына бір өлең жолдарымен білдіргім келеді. Абзал ана, Бибігүл, Бибісана, Жылы жүрек, мейірімді Өз — Ана! Тіршілікте қиналған бар жандарға, Жақсылықтың жаршысындай Бибі-Ана! Асқар биікке аяқ басқан, сол биіктен қазақ еліне шуақ шашқан Бибі — Анамыздың өмірі мен шығармасын насихаттай отырып,оқырманның есіне қайта бір түсіру,міндетім деп білдім.

ЖАННА АРЫСТАНОВА,
Екпетап мектеп-балабақшасы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтары мен қаржылық және қаржылық емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген. Өйткені, мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып отыр.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- 1)көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;
 - 2)Мемлекеттік корпорация арқылы;
 - 3)«Электрондық үкіметтің» веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.
- «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда.Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Бүгінгі таңда Саралжын ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсетеді: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» «Сауда саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскедеріне құқықтарды алу»; Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату. Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қилының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді.Өткен жылы Саралжын ауылдық округі әкімі аппараты арқылы 7 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Округ аумағындағы қалыптастыру процесін автоматтандыру үшін @Egov, KZ порталы енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың автоматтандырылған түрінің артықшылықтары — олардың қолжетімділігі және бенефициарлардың қолайлылығында. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қызмет алу туралы ақпарат алуға қолжетімділік; мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдету, қызмет алуға байланысты уақытша шағындарды қысқарту; үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беру мүмкіндігі. Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемелер ғимараттарында орналасқан. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында, арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы, Mgov, Telegram-бот, @EgovKzBot мобильді мессенжерін пайдалану арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындар қолжетімді, кедергісіз алуда. Саралжын ауылдық округ әкімі аппараты және округ аумағындағы барлық мемлекеттік қызметтердің қағидалары және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы ақпараттар жазылған стендтер жасалған. Әкімдікпен көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарттары, оны көрсету тәртібі туралы ақпараттар мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай тұғынамасында жарияланған және «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесімен ақпалдастырылған. Электрондық үкіметті дамыту дегеніміз біріншіден, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдың азаюына негіз ту-дыру. Үшіншіден, рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту болып отыр. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік орындардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығы зор. Аудандық мониторинг бөлімі тарапынан ішкі бақылау шаралары жүргізіліп, аудандық арнайы мониторингтің топ мүшелері зерттеу жұмыстары үнемі жүргізіледі. Зерттеу қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар жасалып, тұрғындарға қызмет ету үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау.

Ш.ҚОШТАНБЕКОВА,
Саралжын ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ӘСКЕРІ БОРЫШ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 120 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарының 2023 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына сүйене отырып, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде 1 наурыз бен 30 маусым аралығында әскерге шақыру комиссиялары өз жұмыстарын жүргізеді. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 28 бабының 1 тармақ, 1,2 тармақшала-

рына сүйене отырып құрылады. Дәрігерлік комиссиядан тексеру өткеннен кейін шақырылушыларға жарамдылығы анықталып, шешім шығарылады. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына аудан бойынша 18 бен 27 жас аралығындағы 160 азамат шақырылмақ. Әскерге шақыру дербес шақырту қағаздары және ұялы телефондарына электрондық хабарлама жіберу яғни, SMS — хабарлама жіберу арқылы жүзеге асады. «Мықтылықтың не екенін көргің келсе, әскерге аттан» деп Қасым Қайсенов атамыз айтқан дәріс, әскер — сарбаздарды отандық сүйіштікке, достыққа, ата-ананы қадірлеуге, тазалыққа, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелейтін ерлік мектебі! Сондықтан да әрбір азамат Отан алдындағы борышынан Конституцияның 36-шы бабына сай орындауға міндетті.

2023 жылдан бастап, мерзімді әскери борышын өтеп келген сар-

баздар Қазақстанның жоғары оқу орындарына конкурссыз және ҰБТ тапсырмай - ақ түсе алады. Қазіргі таңда 41 жоғары оқу орнымен меморандумға қол қойылып, 3000 грант бөлінген. Сонымен қатар қазір мерзімді қызметтегі әскерилерге уақытша несие төлеуді тоқтату, несиелік каникулдар беру мәселесі қарастырылып, әскерге шақырылушылардың банк алдындағы қарызы мен шағын несиелері тоқтатылады. Әскери борышын өтеуден жалтарған азаматтар Заң жүзінде жауапкершілікке тартылады. Әскерден жалтарғандарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 647 бабы бойынша азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамауы, әскери есепте тұрған немесе түріге міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде дәлелді көрсеткіс келмеуі 5 айлық есептік сәтсіздік мөлшерінде айыппұлға әкеліп соғады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 387 бабына сәйкес, 1 мың айлық есептік көрсеткіш немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жауапкершіліктері қарастырылған. Әскер қатарында қызмет етіп, туған жерді, елді, ата-мекенді қорғау — қасиетті борыш. Бұл дегеніміз — батырлық пен табандылықтың, Отанға шексіз қызмет етудің белгісі.

Е.АСҚАРОВ,
Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы.